

Абай ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Абай облысы Абай аудандық мәслихатының 2024 жылғы 28 наурыздағы № 14/10 -VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 29 наурызда № 239-18 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Абай аудандық мәслихатының 2026 жылғы 3 наурыздағы № 37/9-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Абай аудандық мәслихатының 03.03.2026 № 37/9-VIII шешімімен (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексі (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағы 15) тармақшасына сәйкес, Абай ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Абай ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығы мөлшерлемесінің мөлшері салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4% - дан 3% - ға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Мәслихат төрағасы

М. Нұрсұлтанұлы